

Ushqyr oila! Brikke samǵa! Álemdi sharla!



[www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)

[@farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz)

[@farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz)

# Farabı

№05  
МАМЫР  
2022

## *shákirti*

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ





# Жолдарың ашық, қадамдарың нық болсын!

Түркістан облысы, Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп - интернатының директоры Талдахметов Сәкен Шардарбекұлы мектеп түлектері, оқушылар мен ата - аналарды, ұстаздарды құттықтап, игі тілектерін арнады. Мектептің үздік оқушыларын жетістіктерімен марапаттады. Марапат иелерімен бірге жас тілші – түлектердің арнайы куәлігін тапсырды.

Биыл мектеп бітіруші түлектер арасындағы 11 - сынып оқушылары Арайлым Абеш, Аружан Шайназар, Ардақ Нұрланқызы Республикалық «Farabi shákirti» журналының Жас тілшісі атанды.

Мектеп тәрбиешісі Садырбекова Гүлжан Пернебекқызы, 11 - сынып оқушыларының жетекшілері Биомаров Алихан, Абралиева Алтынкуль Мелдебекқызына алғыс хат табыс етті.



Балалар мен жасөспірімдер іздеген рухани қазына –  
«FARABI SHÁKIRTI» журналында!

Журналдың индексі: 76081  
2022 жылдың II – 6 айына жазылу бағасы:  
қала – 1961, 40;  
ауыл/село – 1987, 20

Мұқабаның суретін түсірген: Т.ИБРАГИМОВА

## Farabi shákirti

№05 (39) мамыр 2022

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,  
айына 1 рет шығады.

Шығарушы және меншік иесі  
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: 040600  
Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81  
87017309312  
E-mail: [farabi\\_shakirti@mail.ru](mailto:farabi_shakirti@mail.ru)  
ТАРАЛЫМЫ– 1260 ДАНА.

Зерек жасөспірімдерге  
арналған  
республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
коммуникациялар министрлігінде 28.01. 2019 жылы тіркеліп,  
№17481-Ж куәлігі берілді.

...

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму  
министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526  
куәлігі берілді.

...

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған  
тілде жарияланады.

...

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде  
редакцияның рұқсаты керек.

...

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы  
мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап  
бермейді.

Журнал "Prizma Press" баспаханасында басылды,  
Райымбек батыр, 348 А үй.





## Мемлекет басшысы «Алматы БалаFest» фестивалінің жеңімпаздарын құттықтады



akorda.kz Алматыда жұмыс сапарымен жүрген Қасым - Жомарт Тоқаев балалардың «Алматы БалаFest» шығармашылық фестивалінің қорытынды іс - шарасына барды.

Балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған бұл мерекелік шараның қорытынды кезеңіне мың бала қатысты.

Ботаникалық бақта өткен қорытынды іс - шара «ART SPACE» аймағы, «Кітаптар қазынасы» кітап көрмесі, «ECO LAB» экологиялық аймағы, «Шахмат әлемі» аймағы, «ROBO LAND» аймағы және «Жас өрендер» концерт алаңы сияқты алаңқайларға бөлінген.

Президент әрбір алаңқайдағы жеңімпаздардың өнерін тамашалап, олардың жетістіктеріне ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы жасөспірімдермен әңгімелесу барысында оларды мерекемен құттықтап, балалар ел болашағы екенін айтты.

Солардың бірі 11 - сынып оқушысы Михаил Шут «Кітаптар қазынасы» көрмесінде «Алпамыс батыр» жырын жатқа оқып берді.

Іс - шара соңында бір ай бойы әртүрлі жастағы жасөспірімдер, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар да қатысқан «Алматы БалаFest» фестивалінің жеңімпаздары марапатталды.

Жалпы әдебиет, бейнелеу өнері, спорт, декоративті-қолданбалы өнер, эко-байқау, вокал мен хореография және IT салалары бойынша өткен фестивалде 300 мыңнан астам бала бақ сынаған.

Алматы қаласы,  
1 маусым 2022 жыл





# Жасөспірімдер арасындағы бұзақылықты қалай тия аламыз?

Мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында бір – біріне қол көтеру, күш жұмсауы білім беру ұясында кездесіп жатыр. Бір ауыл, қаладағы осындай оқиғалардың алдын алмаса, жасөспірімдерді орға жығатыны сөзсіз. Бірі – жәбір көрсетуші, бірі – жәбірленуші, енді бірі – куәгер болып балалар арасындағы қылмыстың көбеюіне алып келеді.

Қазіргі жаңа заманның балалары, ұлдар бір – біріне әлімжеттік жасады деп жанұшырсақ, қыздар да арақидік «мықтылығымен» көзге түсіп қалуда.

Осындай балалар өміріне алаңдаушылық білдіріп, Алматы қалалық сотының судьясы САКЕНҰЛЫ Советханмен сұхбаттасқан едік.

*Советхан Сакенұлы, сәлеметсіз бе! Балалар тәрбиесі мен тәртібі туралы ой айтып беруге қым – қуыт жұмыстарыңыздың арасынан уақыт бөлгеніңіз үшін рақмет!*

– Кейінгі кезде жиі бой көрсетіп жатқан оқушылардың бір – біріне әлімжеттілігі, ұстаздың айтқанына қарсы шығу, тіпті оған қол көтеруге дейін барудың себебі не деп ойлайсыз?

– Ұлы ойшыл, ұстаз, философ Әбу Насыр әл – Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», «Қарапайым халықты шенеуніктер тәрбиелейді» - деп айтқан екен. Осы даналық сөздерді өмірімізде басшылыққа алудан кенде қалдық. Өкінішке орай, соның салдарынан, қазіргі кезде бала тәрбиесіне, жастар тәрбиесіне көңіл бөлінбей, мән берілмей мандырап кеттік. Қолақпандай екі – үш дипломы бар білім алғандар қатары аз емес, бірақ көбі өркөкірек, тәкаппар, мәдениетсіз. Осындай ата – аналардан, мұғалімдерден және қоршаған ортадан жастар қандай тәрбие алмақ?! Абай хакім былай дейді: «Баланың жақсы болмағы әуелі ата – анадан, содан жақсы құрбыдан, жақсы ұстаздан». Бұдан түйетін ой: билік басына – мәдениетсіз, тәкаппар, имансыз жауапсыз адамдарды жолатпау қажеттілігі деп айтамын.



Советхан Сәкенұлы мен журналист Нұрмира Әлішерова

– Мектеп оқушылары арасында орын алған келеңсіз жағдайларды видеоға түсіріп, бірден әлеуметтік желілерге жүктейді. Кейбір балалардың осындай әрекетке баруы хайп жасау арқылы көпшілік назарын өзіне аударту ма?

– Бұрындары ата – бабаларымыз «ұят болады, обал – сауабы болады» - деп үш – ақ ауыз сөзбен ұрпағын тәрбиелеген. Осы үш нәрсенің мағынасын білмеген бала хайп жасай береді. Өйткені, ол ұят деген не нәрсе екенін сезбейді, білмейді. Білім мен біліктің арасын шатастырып жүргендер бар. Білімнің қайнар көзі Құранда жатыр, ислами тәрбиеде, қазақи тәрбиеде жатыр. Алаш қайраткерлерінің бәрі ең бірінші ислами тәрбиеден сусындаған.

– Үлкен сыныптың ұлдары өзінен кішісіне күш, зорлық – зомбылық жасау әрекеттері жиілеп барады. Әлімжеттікпен айналысатын балалардың ата – аналары ұлының осы ісін байқамай ма? Жасы кішілерінен күш көрсету арқылы



**мысалы, ақша бопсалайды. Қолында ақшасы бар адамның әрекеті белгілі ғой зат сатып алады, немесе тамаққа жұмсайды.**

– Ата – ана мен педагогтар ұжымы тарапынан нақты қадағалау жоқ. Мектепте тәрбие сағатын көбейту керек. Мейірімділік, имандылық, адамгершілік туралы құндылықтар мен құқық бұзушылықтың мән – мағынасын жете түсіндіру қажет. Мектептерде қосымша сабақ ретінде, міндетті түрде Абай, Шәкәрімді, Машһүр Жүсіпті, Мағжанды, Алаш көсемдерінің айтып кеткен сөздерін, даналықтары мен ғибратын оқыту керек. Оқытып қана қоймай, оларды жақсы түсіндіріп, жүрекке жеткізген абзал. Сонда ғана рухани жетістіктерге жетеміз. Сонда ғана сіз айтып отырған келеңсіздіктерден өзінен - өзі табиғи түрде арыламыз. Ол үшін ұстаздардың өзі тәрбиелі, мәдениетті, білімді, иманды болуы шарт.

**– Әлімжеттікпен айналысатын балалардың ата – аналары бұл әрекетті қойдыра алмай ма? Тәрбиелеудің орнына бір балаға ата – анасы берген ақшасын екіншісінің тұрақты түрде тартып алатыны арын қалайша мазаламайды?**

– Бұл сұраққа жауапты ғұламалардың айтып кеткен даналығынан алып айтайын. Мұхаммед Қашқари: «Ұлттық тәрбиенің ең басты негізі – тіл», Г.Гете: «Ұлт тілінде сөйлемеген адам жаңалық ашып, жақсылық әкелмейді», Жүсіпбек Аймауытов: «Орыс тәрбиесін алған бала ешуақытта ұлт қызметкері бола алмайды», В.Даль: «Кім қай тілде сөйлейді, ол сол ұлттың өкіліне жатады», М.Ганди: «Отаршылардың тәрбиесінен шыққан элита – өз халқының ең басты жауы» деп айтқандарынан бүгінгі ұрпақ тағлым алғаны жөн. Бұл айтылған даналықты тек балалар емес, олардың ата – аналары да мықтап жадына ұстағаны артық болмайды. Жапонияда балаларын 6 – сыныпқа дейін жапон тілінде оқытады. Сондықтан, олар әлемдегі маңдай алды елдердің бірі.

**– Күні ертең осындай балалар есейгенде де осы әрекетін жалғастыруы кездесе ме? Ең алдымен өз жеке басының қамын ойламауы: қоғам үшін – қасірет, ата – ана үшін – уайым, мектеп үшін – беделдің түсуі.**

– Алаш ардақтыларының бірі – Мағжан Жұмабаевтың мына дана сөзінен артық жауап айту мүмкін емес. «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін, бірінші шарт - тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады...» дейді. Халқымызда «Халық өз тілінен айырылған кезде әрекетінен айырылады» деген тәмсіл бар. Мұстафа Кемел Ататүрік те өз заманында «Көп тілді, көп ділді, көп дінді мемлекеттердің өмірі ұзаққа бармайды» - депті.

*Біздің ұл – қыздарымыз бабалар ғибратынан тағлым алса, ешқашанда қор болмайды. Елін сүйіп, жерін қорғап, халқына құрмет көрсетіп, Ана тілін қастерлейтін отаншыл жастар қатарынан болады деп сенеміз!*

**– Отбасында балаларын – мектептегі ұстаздар шәкірттер тәрбиесімен айналысуды әлеуметтік парақшаларға «сеніп» тапсырғандай...**

– Тәрбиеге байланысты айтқандарымызды түйіндесек, ұлттық мемлекет үшін басты құндылық – Тіл. Тәрбиенің қайнар бұлағы Ана тіліміздің мәйегінде жатыр. Құран – Кәрімде «білген мен білмеген тең» деген аят бар. Ел боламыз десек, алдымен бесігімізді түзеу баршамыздың парызымыз. Бесігімізді түзеу дегеніміз, сонда тербеліп жатқан сәби. Оған ана әлдиі дұрыс жетсе, анасы туған тілімізде ән айтып, ұлттық тілімізде сөйлей білсе, ұрпағымыздың денінің сау, сөзінің түзу болып, тәрбиесінің дұрыс берілгені дер едім. Сондықтан, тәрбие бұлағы – пайғамбарымыздың хадистерінен үйреніп, сахара даламызда туған даналар ғибратына қанығып, өзімізді өзіміз дұрыс жолға тәрбиелеуге тырысуымыз қажет.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбатты жүргізген: Ж.Кучукова**



# 4 - маусым Мемлекеттік рәміздер күні



Бақытбек Бәмішұлы

## Ту

Күнді құшқан қас қыран,  
Аясында қалқыған  
Аспан түсті туым бар  
Көк теңіздей шалқыған.  
Көкірек жауар шымқай өң,  
Көрген жерден елітер,  
Көркем өрнек, кең көңіл  
Көл пейілге кенелтер.  
Тәжім етіп бас иер,  
Туы елімнің егемен.  
Тұтастығым куәсі  
Туғандай бір енеден.  
Елдігімді әлемге  
Паш ететін байрағым,  
Тұнық менің көгімдей  
Әуемде мәңгі жайнаған!

## Елтаңба

Дүние әлем көзіндей,  
Дөңгеленген жамалы.  
Еге елімнің қорғаны-  
Кереге қанат қамалы.  
Көгілдір көктің жүзінде



Несеіпбек Айтұлы

## Отан

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,  
Қорғамасақ несін ұл боп туғанбыз?!  
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,  
Ит көйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Туған жұртқа тірек болу ерге-сын,  
Құлдықты енді құдай басқа бермесін.  
Атаң өлсе, өзің ата боларсың,  
Ешқашанда Отан өле көрмесін!

Әкең өлсе, шешең өлсе жыларсың,  
Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың.  
Отан өлсе, опырылып түскенін,  
Күңіреніп көрге бірге құларсың.

Біздің Отан өліп, қайта тірілген,  
Біздің Байрақ құлап, қайта тігілген.  
Опат болған ерлер рухы оянар,  
Отан деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы Күн егіз,  
Екеуінің амандығын тілеңіз.  
Жас азамат, бұл Отанның қадірін,  
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

Керек қылса, жолында оның құрбанбыз,  
Бәріне де белді бекем буғанбыз.  
Бір кеудеге екі жүрек сыймайды,  
Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз!

Шаңырақ-күн, уық-нұр.  
Мәңгі сенбес күйінде,  
Мандайдан жұлдыз туып тұр.  
Қуат отын қоздырған  
Қос қанатты пырағым.  
Хас тұғырға қондырған  
«Қазақстан» - Ұраным.  
Тұлғасында түзілген  
Ыстық қаным, діл, арым.  
Төріме іліп,  
Төсіме  
Тағып жүрер Тұмарым!

## Әнұран

Қаһарман қажыр, қайратым,  
Шайлықпас текті айбатым.  
Арман, абырой, толғаныс-  
Айтылатын ар, затым.  
Жұртымның мұң, мұратын  
Құлқыма құйып тұратын  
Сіңірген тұла бойыма,  
Тәңірлік күштің қуатын.  
Жан дауысы халқымның  
Шабыттана шырқалар.  
Киелі сөз, сазды әуен  
Шырқағанда, нұр тамар.  
Беріле тыңдап,  
Егіле  
Жанып тұрар мың жанар.







Абай Құнанбаев:

«Досыңа достық – қарыз іс,  
Дұшпаныңа әділ бол.  
Асығыс түбі – өкініш,  
Ойланып алмақ – сабыр сол».

# Асығыс түбі – өкініш

Дүние  
бір тарының  
қауызына сыяды

Бір миссионер Абайға: «Дүние бір тарының қауызына сыяды» дегендеріңіз ақылға сыймайтын нәрсе ғой, - деген екен.

Сонда Абайдың берген жауабы:

— Сіз бен біз мына жарық дүниені көріп отырмыз. Осы көруде көздің қарашық қылауы тарының қауызымен мөлшерлес деуге болады. Демек, көздің зәредей қарашығына осынша әлемді сыйғызған Тәңірім шебердің ісіне шек келтіруге бола ма? – деп жауап берген екен.

Алты шаңырақтың  
іргесі ажырамасын

Ертеректе Сырым батыр бес-алты серігімен жол жүріп келе жатып, Мөңке бидің ауылының үстінен түсіпті. Мұнда той қызып жатыр екен. Кенже баласы аяқтанып, жаңа құдалар да осында болып шығады. Жекжаттарымен қатар келіп қалған құдайы қонақтарды Мөңке би өзі отырған үйге түсіреді. Астан кейінгі бата беру сәтінде Сырым батыр сөзін:

– Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын, – деп бітіреді.

Бұған Мөңке бидің құдасы түсініңкіремей қалып, «алты шаңырақтың іргесі ажырамасынның» сырын сұрайды. Сонда Мөңке оған:

– Құдай қосқан екеуіміз жекжат болып отырмыз. Сенің қызың маған келін болып түсті. Ол үш шаңыраққа ие болады: біріншісі – келген жұрты; екіншісі – нағашы жұрты; үшіншісі – өз төркіні. Сол сияқты менің ұлым да күйеу бала болады. Ол да үш шаңыраққа ие: өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Екі бала қосылып, алты шаңырақ шығарып тұрған жоқ па? Осы алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің аузы бір, ынтымағы берік болмай ма? – деген екен.



# Арыстанбабқа түне, Қожа Ахметтен тіле

Мұхаммед пайғамбар ақыреттің алдында барлық туған - туыстарын, сырлас достары мен жора – жолдастарын жинап:

– Мен бұл дүниемен және сіздермен қоштасқалы жатырмын. Кейінгі ұрпақтарымың біреуіне берер аманатым бар. Соны оған кім тапсырар екен дейді де, жан-жағына қарайды. Жұрт аң – таң. Дені сап – сау, қалайша бізді қиып, о дүниеге аттанбақ? Аманаты не? Ойларын онға, саналарын сан саққа жүгіртеді. Сол кезде Арыстанбаб орнынан тұрып, екі қолын көкірегіне қойып:

– Бұған мен әзірмін, – дейді.

Мұхаммед пайғамбар:

– Жарайды, ақылдасып келейін дейді де, зым – зия жоғалып кетеді. Әлден уақыттан қайтып оралады. Аллатағаланың келісімін алып келсе керек:

– Келешекте өмірге Ахмет деген бала келеді. Соған мына құрма жемісін тапсырасың, – деп қалтасынан алған бір түйір құрманы береді.

Ахмет деген балаға тапсыратын аманатты алып, ұртына салған Арыстанбаб Мұхаммед пайғамбарға:

– Мен ол баланы қайдан іздеймін, қалай табам, қалай танимын? – деп сауал қояды. Сонда пайғамбар:

– Издеп әуре болмай-ақ қойыңыз. Берген аманатымды сізден өзі – ақ сұрап алады, – дейді.

Ғажап болғанда, пайғамбардың айтқаны айнымай келеді.

Бірде далада келе жатқанда, 11 жасар бала кездеседі.

– Ақсақал, аманатымды беріңіз, – дейді бала. Арыстанбаб атын сұрап жатпай, «аузыңды аш» дейді. Ол аузын ашқанда, бабаның ұртындағы құрма зып беріп Ахметтің аузына кіріп кетеді.

Бала ләм – мим деп тіл қатпастан, бұрылып жүре береді.

– Сен неткен көргенсізсің, маған айтқан рақметің қайда?! – деп айқайлайды Арыстанбаб. Сонда бала артына бұрылып:

– Сізге несіне рақмет айтам? Сіз бар шырынын сорып жеп, маған құр сүйегін қалдырып отырсыз, – дейді.

– Жарайды, сізге келіп, түнесін, маған келіп тілесін, – деп жүріп кетеді.

Содан бері зиярат етушілер Түркістанға сапар шеккенде әуелі Арыстанбабтың басына барып, мінәжат етеді. Құран оқытады. Мазарына бір түнеп, содан соң Ахмет Иссауи кесенесіне аттанады.

Халық арасында «Арыстанбабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген нақыл сөз содан қалыпты. Бұл нақылды кейде: «Әулиенің басына түне, Алладан тіле» деп жалпылама айтатындар да бар.

**Кеңес  
ОРАЗБЕКҰЛЫ,**

**жазушы.  
«Қанатты сөз  
– қазына» кітабынан.**





Әділ БАЛТА  
(1949-2009  
жыл, Алматы)

*Балалар жазушысы. 1973 жылы Қожелі педагогикалық училищесін бітірген. Көп жыл мұғалім болып қызмет еткен.*

*Кейін әл – Фараби атындағы ҚазМҰУ - ды сырттай бітірген. 1993 жылы Қазақстанға келіп, «Ұлан» газетінде қызмет істеген. 2006 жылдан өмірінің соңына дейін «Мөлдір бұлақ» журналында әдеби қызметкер болып қызмет етті. «Атамның жұлдызы», «Алданыш», «Інімнің өкпесі», «Тырнарлар келе жатыр» кітаптары жарық көрген. Қазақстан Журналистер одағының С. Ерубаев атындағы «Дарабоз» сыйлықтарының лауреаты. Балаларға арналған бірнеше жабық конкурстардың жүлдегері.*

## АЛМАС ҚЫЛЫШ, АҚЫМАҚ ХАН ЖӘНЕ ТАЗША БАЛА

Ертеде жауыздығы шексіз бір хан болыпты. Талай жанды жазықсыз қорлап, қан қақсатыпты. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс екен. Қол астындағы қара халық әділет іздеп зар илепті.

Ханның қайда жүрсе де жанынан тастамайтын, көзінің қарашығындай көретін өткір алмас қылышы бар екен.

Бір күні әлгі алмас қылыш байқаусызда ханның қолын кесіп кетіп, қанын судай ағызыпты. Ашуланған хан нөкерлері мен уәзірлерін жинап алып:

— Талай жыл жанымдағы сенімді жолдасым еді. Алмас қылышты тастай салуға көзім қияр емес. Кәне, бұған қандай жаза бар? - депті.

Уәзірлердің үлкені орнынан тұрып:

— Уа, құдіреті күшті хан ием, Сізге істеген ауыр күнәсі үшін оны он жыл қапас зынданға қамап, азаптау керек. Тот басып шіріп, өзі-ақ жоқ болады, - деп ханға тағзым етіпті.

Отырғандар бас уәзірдің сөзін бір ауыздан мақұлдапты.

Ханның қолы да жазылып, күнде серуен, күнде тоймен көңілді жүріп жатыпты. Көзді ашып-жұмғанша он жыл да өтіпті. Бір күні баяғы алмас қылышы есіне түскен хан:

— Барып көріндерші, - деп әмір етіпті.

Алмас қылыш сол күйінше қылпып тұр екен.

Ашуланған хан:

— Кәне, мұнан тезірек құтылудың жолын айтындар, әйтпесе осы қылышпен бастарыңды алам, - деп жанындағыларды қаһарлы көзімен ата қарапты.

Ақылшы қырық уәзірдің құты қашып, еңселері түсіп кетіпті.

— Құдіретті ханым, - деп бір кезде екінші уәзір жасқана орнынан тұрыпты. - Отқа әбден ұстап, суға салып көрейік. Қайтер екен?

Хан келісіпті. Алмас қылыш үш күн от ішінде, үш күн су астында жатса да өңін бермей, бұрынғы күйінде қылпып тұр екен.

Хан да, уәзірлері де енді не істерін білмей дағдарысыпты. Ақыры, олардан үміт үзген хан амалсыз халыққа:

— Кімде-кім менің қолымды кескен алмас қылышқа ойымнан шығатындай жаза тапса, ат басындай алтын берем. Жазасы ойымнан шықпаса, басын алам, - деп жар салдырыпты.

Небір қарны жуан билер де, әшейінде данышпансып, кеуде сокқан қасқа бас әкімдер де әрі ойланып, бері ойланып,

еш амал таппапты.

Күндердің бір күні үсті-басы алба-жұлба, көз ашқалы қой соңында жүрген Тазша бала ханның алдына келіп бас иіп, тағзым етіпті.

— Дат, тақсыр!

— Айтарың болса айт! - депті хан.

Тазша бала хан алдында жатқан таза құрыштан құйылған өткір алмас қылышқа қарап тұрып:

— Құдіретті хан ием! Бұның бірден-бір жазасы - асханаға беріп, қара жұмысқа салу, - депті.

Сөйтіп, алмас қылыш асханадан бір-ақ шығыпты. Аспазшылар онымен ет турап, сүйек шауыпты, қамыр кесіпті. Нендей ауыр жұмысқа салса да, алмас қылыш бұрынғы қалпынан қайтпайды. Қайта күннен-күнге шынығып, бұрынғыдан да жарқырай, шырайлана түседі.

Ашулы хан Тазша баланы алдына шақыртып алады.

— Мені алдағаның үшін енді сенің басыңды алам, — дейді хан.

Тазша бала саспайды.

— Уа, құдіретті хан ием! - дейді Тазша бала. - Сіздің алмас қылышыңыз еш қоспасы жоқ таза болаттан құйылған екен. «Алмас қылыш қап түбінде жатпайды» дегенді білуші ме едіңіз, болатты жаза кесіп, қорқытам деу — ақымақтық. Ол иілмейді, иілсе сынады. Оның бірден-бір жазасы — сындыру еді. Өйтуге көзім қимады да, аз да болса, халыққа пайдасы тисін деп, қара жұмысқа салғаным сол еді. Айтып болдым, ал енді не істесеңіз де ризамын, құрметті хан ием! - деп Тазша бала хан алдына бас иіпті.

Ойланып қалған хан Тазша баланы өлтіруге қолы бармай, ат басындай алтын сыйлап, шығарып салыпты.





# Қолды болған көк шыбық

Еркін мен Жарас есік алдына алты шыбық отырғызды. Су алыс, шелектеп тасып құйды.

Арада он шақты күн өтті. Шыбық бүршік жарып келе жатты. Екеуі қайта - қайта барып көреді.

— Мынау - менің ағашым, - деді Жарас.

— Анау менікі...

Шыбықтарды әлдеқашан екеуі меншіктеп алған. Әкесі де балаларына дән риза.

— Екі жылдан кейін көлеңкесінде отырып шай ішесіңдер, - деп қояды.

Отбасын қуанышқа бөлеген соң шыбықтар бір түнде зым-зия болар деп кім ойлаған? Түбінен күрекпен қазып алып кетіпті. Сірә, есігінің алдына отырғызбақ болған ғой.

Еркін бірден кластасы Сейілғазыдан сезіктенді. Ақырындап жағалап келген. Көзіне оттай басылды. Өзінің шыбықтары. Қорасының ішінде тізіліп тұр. Қасында ит байлаулы. Сейілғазы көрінбейді.

— Адам емес екен! - деді Еркін күйіп кетіп.

Өткенде екеуінің төбелесіп қалғаны есіне түсті. Сейілғазы мұны «қалпақ» деді. Ашуы мұндай келмес. Жерге атып ұрған... Мұғалима апай келіп қалған. Әйтпесе...

— Отырғызған шыбықтарыңды жұлып тастаймын! - деген Сейілғазы ызаланып.

Айтқанын істепті. Бір жақсысы, жұлып тастамапты. Қорасының ішіне отырғызып қойыпты.

Бәрін әкесіне келіп айтқан.

— Ерегісіп қайтесің? - деген әкесі. - Не көп, тоғайда шыбық көп. Әкел де, қайта отырғыз.

Сөйтіп, Жарас екеуі тоғайға тағы кеткен... Алтау емес, он екісін әкелді. Сейілғазыға істеген қыры. Оның терегінен екі есе көп. Іші күйсе, тұз жаласын.

Інісі екеуі тағы да он екі шыбықты күтіп-баптауға кірісті. Әрине, судың алыстығы қинап тұр. Көп-көрім жер. Шелектеп тасып құяды. Жұмыстары бұрынғыдан екі есе көбейді. Бірақ қайтсе де шыдау керек.

Он шақты күннен кейін шыбықтар көктей бастады.

— Тағы да біреу ұрлап кетсе қайтеміз? - деді інісі Жарас. Еркін ойланып қалды.

— Кезекпен күзетте тұрамыз, - деді. — Бүгін мен тұрам. Ертең сен тұрасың. Екеуі осылай келіскен.



Еркін түні бойы ұйықтаған жоқ. Үйге бір кірді, бір шықты. Жұрттың бәрі ұйқыда. Жалғыз өзі ояу. Айды қызықтады. Жұлдыздарды қызықтады. Уақыт өтер емес. Өлдене тысыр етсе, жалт қарайды. Бір жағынан мұнысы да қызық. Әскерден оралған ағасы қызықты әңгімелер айтқан. Шекара күзетінде болыпты. Түні бойы көз ілмей шекараны күзетіпті. Ұйқысы келсе де, ұйықтамапты. Өйткені, жаман айтпай, жақсы жоқ, белгісіз жат пиғылды жау қастандық жасауы мүмкін. Әрине, Еркіннің қорғап отырғаны шекара емес, өзінің еңбегі, болашақ теректері... Сейілғазы сияқты жат пиғылды балалар қастандық жасауы мүмкін.

Түн тыныш өтті. Еркін парызынан құтылды. Ертеңіне інісі Жарас кезекшілікте тұрды.

Таңертең ерте сыртқа шыға берген. Дәліздің түкпірінен пыс-пыс еткен дыбыс естілді. Ұйқылы - ояу көзімен барлай қараған. Інісі - Жарас. Ескі құрақ көрпені төсеніп, киімдерімен қаннен-қаперсіз ұйқыны соғып жатыр. Әйтеуір, шыбықтар орнында екен. Інісіне қатты ренжіді.

Шай үстінде мұны әке-шешесіне айтып берген. Олар болса ұрсудың орнына ішек -сілелері қатып күліп жатыр.

— Сендерге бір ит алып бермесем, болмайды екен, - деді әкесі.

Әкесі айтқан сөзін сол күні - ақ орындады. Үлкен төбет әкелді. Жарас пен Еркінге тез - ақ үйренісіп кетті. Оны шыбықтардың қасына ұзын етіп байлап қойды. Он екі шыбық - он екі ағаш. Әлі - ақ есік алды тоғайға айналады. Қандай жақсы?! Мұғалима апайдың тілімен айтса, «Ағаш - өмір көркі». Ол көмірқышқыл газын жұтады, оттегіні бөліп шығарады. Ал әкесінше айтса, «Шаршап келіп, көлеңкесінде шай ішкен қандай жақсы?!» Сергіп шыға келесің.



## ұрпағының есінде сақталады

Еліміздің барлық өңірлерінде 31 – мамыр саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алып, ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

Алаш ардақтылары деп, олардың әрқайсысының есімін мақтанышпен атап, рухына бас иеміз. Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов сынды қайраткерлер қуғын – сүргін құрбаны болды. Есімі аталған есіл ерлер қатарында сталиндік репрессияға ұшыраған 70 мыңға жуық зиялы қауым жазықсыз жаламен атылды. Олардан бөлек жүз мыңдаған адам қамалды, Сібір айдалды.

1997 жылы 31 — мамыр еліміз бойынша Саяси қуғын-сүргін құрбандары күні болып жарияланды. Жылда ресми шара өткізіліп, ондаған адамдар құрбан болған жандарды еске алып, рухына Құран дұға бағыштайды.

Қарағанды ГУЛАГ - ының құрамына енгізілген бұл тозақ мекемесінің атауы да құлаққа тосын естілетін – АЛЖИР. Оны қазақ тілінде тарқатып айтқанда, «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» деген сөз.

1937-1938 жылдары мұнда 20 мың әйел жазасын өтеді.

Зерттеушілер деректеріне сүйенсек, осы кезең аралығында Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Сол жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және саясат саласының зиялы қауым өкілдері атылған. Жалпы, 1930-1953 жылдар аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған.

Еліміздің облыс орталықтарында ашаршылық, қуғын – сүргін құрбандарына арналған ескерткіш бар. Сол ескерткіштің бірі – Алматы облысы, Талғар ауданының Жаңалық ауылында орнатылған. 2018 жылы саяси қуғын – сүргін құрбандарына арналған музей осы ауылда ашылды.

Жаңалықтағы Ілияс Жансүгіров атындағы №37 мектептің директоры Жайсанбаева Дина Сапарғалиқызының рұқсатымен «Farabi shakirti» журналы оқырмандарымен музейге келіп, жазықсыз



жандарды үнсіз еске алдық. Музейдің қор сақтаушысы Идельбаева Толқын Қайратқызы, оқушыларға музей экспонаттары туралы асықпай әңгімелеп берді. Жаңалық ауылының маңына 4130 адам жерленген. Музей қабырғаларының қара тақталарына есімдері жазылған жандар туралы мәліметті мониторды іске қосып, алуға болады. Тізімде аталған азаматтардың барлығы да жылдар өте келе ақталды.

Музейді толық аралап, мәліметтермен танысқан соң, конференция залында оқушылар әсерлерімен бөлісті. 10 «А» сыныбының жетекшісі Асанова



Жарқын Қожамуратовна мен оқушылары Аяжан Бекжанқызы, Аружан Балақанова, Алғыс Тоқтасын, Мұхаммед Жылқыбай, Альмира Абдықадыр, Омар Дінмұхамед, Зарина Шакир, 8 «А» сынып оқушысы Каусар Каметай, Абай, Мұқағали өлеңдерін оқыды.

Музейдегі мәліметтерге байланысты ойларын тарих пәнінің мұғалімі Абишева Құралай Сапарбековна да ортаға салды.

Ақтандақтар жылдары құрбан болған жандар есімі ұрпақтары есінде ғасырлар бойы сақталатыны сөзсіз.

Ж.Кучукова

Суреттерді түсірген: @daryn\_photo студиясы;  
Айсұлу ДҮЙСЕНҚОЖАҚЫЗЫ,  
10 «А» сыныбының оқушысы,  
І.Жансүгіров атындағы орта мектеп.  
Жаңалық ауылы,  
Алматы облысы, Талғар ауданы.





# «Мұғалім - зор тұлға, ол күннің күдіретті сәулесі іспетті»

**Ғабит МҮСІРЕПОВ:**

*«Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім».*



Адамзат баласы үшін анадан кейінгі тұлға – ұстаз. Біздің заманымыздан XI ғасыр бұрын ғұмыр кешкен әлемнің «Екінші ұстазы» атанған ғұлама, ғалым Әбу Насыр әл - Фараби бабамыздың өзі ұстазын қатты құрметтеген. Платонның шәкірті Аристотельдің еңбектерін зерттеп, өзіне ұстаз санаған. Аристотель (б.з.д. 384 – б.з.д. 322 жылдар) өмір сүрген грек философы.

«Ұстаз» сөзінің астарында мыңдаған білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқай бермейміз. Ұстаз болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелу, қанаттандыруға бар өмірін арнаған ұстаздан білім алып, қанаттанған шәкірттер қаншама!?

Алдындағы шәкіртінің қабілет – қарымын танып, оның шыңдалуына аянбай тер төгетін ұстазадырымыздың еңбегі өлшеусіз. Қашанда мәртебелі!

Әрбір көзі ашық адам сауатын ашу үшін ең бірінші ұстазға жүгінеді. Ал ұстаздың міндеті - ештеңеден хабары жоқ шәкіртіне білім беру. Сан ғасырлардан бері бала оқытып, тәрбиелеумен келе жатқан ұстазға арналған сансыз теңеулер, салиқалы пікірлер жаңа ғасырда да, одан кейінде тұлғалық бейнесін жоймақ емес. Әр таңның атысы мен әр күннің батысы өзінің емес, сіздің қамыңыз үшін қамығып жүретін әрбір ұстаз атаулы жандардың еңбегін ұлы демей не дейсіз.

Ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаев айтқандай, мектепке тарыдай болып кірген күніңізден бастап мектеп қабырғасында сіздің еркерлігіңізді көтеретін де, қателіктеріңізді кешіретін де, сабақ бере отырып сүйіспеншілікке баурайтын да, махаббатқа тәрбиелейтін де, өмір сүрудің қыр - сырын ұқтырып, жақсыны үйретіп, жаманнан жирендіретін де ұстаздар қауымы. Таудай болып шыққан күніңізде де, талабыңызға тілекші болып отыратын, шәкірті түскен білім аламанында озып шығуына қолдау көрсететінде - ұстаз.

Ұстаздардың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі білімді шәкірт. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден

жүйрік келген шәкірт үшін ұстаздың қуанышы сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім. Әр шәкіртінің алға басқан қадамына қуанып, балаша мәз болатын да ұстазың. Сырттай қарасаңыз, әр ұстаздың өзі – бала көңіл жан. Сабақты жақсы оқығаныңа риза болып, мақтау сөздерін аямайды.

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған күні сізді құшақ жая қарсы алған аяулы жанның екінші анаңыздай болып кетерін сезініп көрдіңіз бе?! Әрине, жоқ. Бірақ әрбір күн өткен сайын жаныңыздан табылып, әр аптаның жеті күнінде жеті рет көрісіп, көңіл ұясына тұрақтап қалған ұстазға деген махаббат, құрмет пен сағыныш, ризашылық сезімі өлмек емес.

Мамандық көп. Бірақ мамандықтың түрлі болғаны маңызды емес, қанша мамандық болса да сізді маман қылатын тағы да ұстаз. Мейлі сіз ғалым болыңыз, жұлдыз, тіпті беделді азамат, президент болып кетсеңіз де сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға қақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету сол адамға деген сый - сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңыз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан», - деп Абай хәкім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, ең алдымен – аяулы ұстазымыздың, ұстазбен қатар отбасындағы ата – анамыздың үлесі деп айта аламыз.


Осындай ұстаздардың бірі Әсет Бейсеуов атындағы орта мектептің директоры – Маханбатова Мира Бағарамовна, директордың орынбасарлары Карлығаш Абдижапаровна, Амина Серикбаевна, Қуралай Балабатыровна, Алтынай Мырзахметовна, Гульжан Кошкинбаевна, Багиля Дуйсенбаевна, Анвар Имаматдинович, педагог - ұйымдастырушы Дархан Оралбекұлы, әлеуметтік педагог Құралай Қуатғалиевна, мектебіміздің психологтары Бахтигул Сабитовна мен Баян Абсадықовна сынды ұстаздарымыз деп кеуде толтыра айта аламыз.






Сіздерді шәкірттеріңіз үнемі құрметтеп, есімдеріңізді мақтанышпен атаймыз!

**Ринат АХНИЯЗҰЛЫ,**  
**Әсет Бейсеуов атындағы орта мектеп Президенті.**  
**Алматы облысы, Жамбыл ауданы,**  
**Қарғалы ауылы**




1. Төмендегі фигуралар белгілі бір заңдылықпен орналасқан. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін фигураны табыңыз.



- A)  B) 
- C)  D) 
- E) 

2. Төмендегі фигурда неше квадрат бар?




- A) 12  
B) 13  
C) 14  
D) 15  
E) 16

3. Төменде шырпылардан құралған адымдар берілген. 8-ші адымда неше шырпы қолданылады?








- A) 16  
B) 18  
C) 20  
D) 22  
E) 24

4.




Жоғарыдағы қағазды сызық бойымен бүктегенде төмендегі фигуралардың қайсысы шығатынын табыңыз.

- A)  B) 
- C)  D) 
- E) 


5. Берік, Серік, Фархад, Жанат және Марат есімді оқушылардың әртүрлі мөлшерде ақшалары бар. Жанаттың да Беріктің де ақшасы Фархадтың ақшасынан көп емес. Берік және Серіктің ақшасы Мараттың ақшасынан көбірек. Жанаттың ақшасы Мараттың ақшасынан көбірек, бірақ Беріктің ақшасынан аз. Ең аз ақша кімде?

- A) Берік  
B) Серік  
C) Фархад  
D) Марат  
E) Жанат

6. Бір А4 өлшемді қағаз төмендегі суреттегідей бүктеліп, соңында кесіледі. Сол қағазды жазғанда қандай фигура шығады?



7.



1,8,14,7 және 13 сандарын берілген суретте тігінен және көлденеңінен сандардың қосындылары бірдей болатындай етіп орналастырыңыз және қосындысының мүмкін болған ең үлкен мәнін табыңыз.

- A) 20
- B) 24
- C) 26
- D) 28
- E) 18

8.

$$\begin{array}{r} \text{KKL} \\ \times \quad \text{L} \\ \hline \text{1KKM} \end{array}$$

Жоғарыда берілген көбейту амалындағы

K, L және M әріптері бір-бірінен өзгеше цифрлар болса, **K+L+M өрнегінің мәнін табыңыз.**

- A) 13
- B) 18
- C) 15
- D) 16
- E) 45

9. Төмендегі сандар белгілі бір заңдылыққа байланысты орналастырылған. Олай болса сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз.

7	3	8	6	2	10	4	2
	5		7		6		?


- A) 1
- B) 3
- C) 5
- D) 7
- E) 9

10. Арманның 5 литрлік және екі 3 литрлік шелектері бар. Арман осы шелектермен ең кем дегенде неше литр су қолданып, шелекке 4 литр су толтыра алады?




- A) 8 л
- B) 6 л
- C) 10 л
- D) 14 л
- E) 15 л

11. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін жауапты белгілеңіз.



- A)
- B)
- C)
- D)
- E)

12. Өзгеше фигураны табыңыз.



Дайындаған: АБУТАЛИЕВ Диас

2022 жылдың 4- сәуір айындағы логикалық есептердің дұрыс жауаптары:

- 1) C; 2) A; 3) D; 4) A; 5) C; 6) C; 7) D; 8) B; 9) D; 10) E; 11) B.



# Кітапхана – рухани қазына ордасы

Кітапханада өткізілген әр шара жастардың Ана тілімізге деген құрметін арттырады, кітап оқуға деген ынтасын шыңдайды

*Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілігі колледжі «ГлавАлматострой» трестінің базасында 1956 жылғы қыркүйекте «№23 құрылыс мектебі» ретінде, 1962 жылдан бастап – «№46 ГПТУ», 1984 жылдан бастап – «№14 СПТУ», 2005 жылғы мамырдан бастап – «№7 кәсіптік мектеп», 2008 жылғы шілде айынан бастап - №7 кәсіптік лицей ретінде ашылды. 2013 жылы ақпаннан бастап «Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі колледжі» КМҚК деп аталады.*



Бүгінгі таңда білім беру саласындағы қатаң бәсекелестікке қарамастан, Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі колледжі Республикадағы ең үздік колледждердің бірінің қатарында. Инновациялық идеялар мен игі бастамалардың бесігі болып қала береді. Колледжді іскер басшы, директор ЖАМАНГОЗОВ Камал Амиргалиұлы басқарады.

Оқу орнының қуатты материалдық - техникалық базасы бар. Оқу кабинеттері мен шеберханалар техникалық оқыту құралдарымен, оқу - әдістемелік құжаттамалармен, көрнекі құралдармен, электрондық оқулықтармен және әдебиеттермен жабдықталған және жабдықталмақ. Біздің колледж құрылыс кәсіпорындары үшін, Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету станциялары үшін, Ағаш өңдеу кәсіпорындары және Алматы қаласы мен Республиканың музыкалық аспаптарын дайындау шеберханалары үшін білікті кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

Aksin - бұл теориялық және өндірістік оқыту, өндірістік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар спорттық секцияларда, көркемөнерпаздар мен техникалық шығармашылық үйірмелерінде, поэзия клубында да мазмұнды тәрбие жұмысы. Бұл түрлі іс - шаралар: спорттық жарыстар, концерттер, ток - шоулар, кездесулер. Колледждің мәдени өмірі бай және алуан түрлі.

Бүгінде колледжде «Көңілашар» халық аспаптар оркестрі, «Жас шебер» ұлттық аспаптар ансамблі колледждегі өнерлі жастардан құралған. Дене шынықтыруды насихаттауға және дамытуға көп көңіл бөлінеді. Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі колледжі өзіне тиесілі міндетін абыроймен атқарауда. Әрқашан елдің қоғамдық өмірінің орталығында, білім, мәдениет және гуманитарлық құндылықтардың тасымалдаушысы болып табылады. Негізі қаланған күннен бастап колледждің атмосферасы жоғары рухпен және терең іліммен, білімге деген құштарлықпен және ойдың батылдығымен, өзара түсіністікпен және жеке тұлғаға деген үлкен құрметпен өрбиді.

Сан алуан мамандық иелері үшін ең көп уақытын өткізетін, студенттердің жандүниесіне рухани байлық сәулесін шашатын орын – кітапхана.

Бір қарағанда, «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Дәнекерлеу ісі (Электр газымен пісіруші)», «Сәндік - қолданбалы және халықтық кәсіпшілік» бойынша білім алатын студенттерімізге кітапханада өткізілетін шаралар өте қызықты. Әр студент кітапхана қызметкерлері ұйымдастыратын мәдени шараларға барынша қатысуға тырысады.

Колледж аудиториясында негізгі мамандығының қыр - сырына қанықса, аталған шаралар арқылы студент өзінің рухани жан дүниесін байытады. Кітапханада өткізілген әр шара жастардың Ана тілімізге деген құрметін арттырады, кітап оқуға деген ынтасын шыңдайды. Айталық, кітапханада, Әр жыл сайын дәстүрлі түрде оқу жылының басында 1 - курс студенттеріне арналған

«Кітапханалық сабақтар» оқуы дәстүрлі түрде өткізіледі. Сабақ барысында студенттерді «Кітапхананы пайдалану ережесімен», кітап қорымен, каталогтармен жұмыс істеу, кітап көрмелерінің мазмұнымен танысу, мерзімдік басылымдар туралы, кітапханаға тіркелу тәртібі, қызмет көрсету түрлерімен жоспарлы түрде кестеге сәйкес өткізіледі.

— Кітапхана да колледж тарихымен бірге келеді. Колледж ашылған күні алғашқы студенттер келіп оқулық, оқулыққа қосымша әдістемелік құралдар жаздырып алған кітапханаға 66 жыл толып отыр. Жоғарыда кітапханада өткен шаралардың санаулы ғанасын атап өттік. Колледж кітапханасының оқырмандары арасында атқарып келе жатқан кітапхана меңгерушісі Жанахметова Гүлнара Жанатқызының еңбегі өлшеусіз деп бағалауға болады. Өз ісінің шебері мамандығына адал жан. Жастарға ұлттық тәрбие құндылықтарын көркем әдебиет арқылы, ақпарат құралдарында жарияланған құнды мағлұматтар арқылы жеткізудегі рухани ұстаз деуге әбден лайық, - деген оқытушылардың пікірі шын мәнінде адам баласына жаңа биіктерді бағындыруға құлшындырады.

Колледжде білім алып келе жатқан әр студенттің кәсіби біліктілігімен қатар шығармашылық қабілетінің шыңдалуын ойлап, олардың кез келгенін шараларға қатысуына жетекші бола алатын тұлға. Кітапхананың жұмыс жоспарына сәйкес оқырмандардың рухани байлықтарын әдебиет оқу арқылы жеткізу мақсатында еліміздің ақын - жазушыларының шығармаларын насихаттауда түрлі тақырыптарға арналған инновациялық, көпшілік шараларды атап айтуға болады. Тілдер мерекесі қарсаңында «Ана тілі ұлт болашағы» атты, студенттердің кәсібін игеруге арналған, жаңа кітаптар таныстырылым көрмелері жиі ұйымдастырылды.

Жастарға қазақ халқының салт - дәстүрі мен әдет - ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру бағытында, жастардың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатымен «Елдің елдігін сақтайтын - тарихы, әдебиеті, салт – дәстүрі» тақырыбындағы кітап көрмелерінің студентке берер рухани тәрбиесі мол.

Кітапханада кітап мәртебесін көтерумен қатар кітапхана қорын жаңа ғылыми басылымдармен, Республикалық және жергілікті газет - журналдармен толықтырып отырылады, және келіп түскен баспасөз басылымдарын насихаттауда ай сайын шолу өткізіледі. Колледжде білім алып келе жатқан әр студенттің кәсіби біліктілігімен қатар шығармашылық қабілетінің шыңдалуын ойлап, олардың кез келгенін шараларға қатысуына жетекші бола алатын тұлға – оқытушыдан кейінгі кітапханашы. Сырт көзге жұмысы байқалмағанымен, кітапхана іші – қазына байлық, жоспарлы шаралары саналуан.

**ЖАНАХМЕТОВА Гүлнар  
Жанатқызы,  
кітапхана меңгерушісі.  
Алматы**





# Қазақ биі - ұлттық сахна өнері



## Мұхтар ӘУЕЗОВ:

«Біздің қазақ халқы дарынды, өнерпаз халық, ән, күй деген мұрамызда шек жоқ. Ал бұл қазақ халқынан қалған биден мұра өте аз. Жаңа ұрпақ осы биді қолға алғаны жөн. Менің байқауымша осы өнерге талпынып жүрген Шара сияқты жастар бар көрінеді. Одан бір нәрсе шығатын түрі бар. Ал қай өнерді алсақ та, опера болсын, музыка театры болсын, оның бәрі бисіз болмайды».

## «Шолпан жұлдыздары» би ансамблінің бишілері Халықаралық өнер сайыстарының жеңімпаздары

Би - сахна ажары. Менің жетекшілігімдегі "Шолпан жұлдыздары" би ансамблінің бишілері ұлттық би өнерін жасөспірімдер мен жастар арасында кеңінен танытып келеді. Халықаралық хореографиялық "Танцуй всей душой" Бас жүлде иегерлері, Халықаралық "Танцевальный фейерверк" би чемпионатының Бас жүлде иегерлері, Республикалық хореографиялық "Ақ шағала" конкурсының Бас жүлде иегерлері. Республикалық "Ғұмырдария" конкурсының Бас жүлде иегерлері марапаттарына ие болды. Адам баласы қандай да бір кәсіби биіктікті бағындыру үшін шаршамай, ерінбей, қалаған ісін кейінге қалдырмай еңбектенуі қажет. Сонда ғана алдына қойған мақсатына жетеді. Мен 23 жылдан бері қазақ қыздарына әсемдік сыйлайтын бишілерді дайындаудамын.

Би ансамблі жастары өте еңбекқор. Би өнеріне кейінгі кездері көңіл бөлініп, байқаулар жиі ұйымдастырылуда. Әр байқаудың өз талабы бар. Оның үдесінен шығу үшін ізденіс керек. Би – қазақ музыкасы негізінде құрылады. Заман ілгерілеген сайын музыканың әрленуі аспаптар үнімен араласып жатады. Әр дыбысты дұрыс қабылдап, би қимылын соған орай келтіру той биінен өзгеше. Биші – музыкамен бірге біте қайнап, әннің ажарын ашатын сахна өнерпазы. Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады.

Жаңа заман сахнасында, соның ішінде әлемдік деңгейде би сахнаның ажары десек, пікірімізді кез келген әншінің әні, бейнебаяндары бисіз түсірілмейді. Би - балабақша мен мектеп сахнасында жас өнерпаздар концертіне әр береді. Қазақ билері кәдімгі және маскарадты, жалғыз, екі есе немесе топтық билерге бөлінеді. Көңілді, жанды, әзіл - сықақ билері бар. Бидің өзіне тән ерекшеліктері - орындау экспрессивтілігі, қозғалыстың айқындығы, иықтың қозғалғыштығы, буындардың «ойыны», корпустың кернеулігі мен жинақтылығы, бишіге күрделі акробатикалық тәсілдерді қосуға мүмкіндік беретін икемділік. «Қамажай», «Маусымжан», «Қаражорға», «Келіншек», «Өрмек биі», «Ортеке», «Тепеңкөк», «Қоян-бүркіт» «Айжан қыз», «Садақ

биі», «Шолпы биі», «Қоян биі», «Аю биі», «Насыбайшы», «Асау ат», «Бура биі», «Бүркіт биі», «Құр биі», «Құсбегі», «Киіз басу», «Тырна биі» көне билері әлі де қазақ сахнасынан түскен емес.

Би өнері туралы айтқанда, жетекшісі – хореограф деп аталады. Хореограф тұла бойы тұнған сұлулық поэзиялы адам. Хореография (грек. choreia — би, grapho — жазамын) шартты белгілер жүйесі арқылы би қимылдарын жазу. Би қимылдарын жазып алу тарихы



ежелгі дәуірден (мысырлықтар, римдіктер, ) басталды. Алғаш рет "Хореография" терминін француз би үйретушісі Р.О. Фейе ("Хореография немесе би жазу өнері..." атты кітаптың авторы, 1700 жылдары) енгізді. XIX - ғасырдың аяғы мен XX - ғасырдың басында хореография термині би өнеріне қолданылатын болды.

## ЕСЕНТАЕВА Шолпан Умирбековна,

«Шолпан жұлдыздары» би ансамблінің жетекшісі.  
Хореограф. Қалалық, Республикалық,  
Халықаралық конкурстың жүлдегері.  
«Үздік мұғалім», «За вклад в развитие образования»  
төсбелгілерінің иегері. «Лучшие люди в образовании»  
энциклопедиясына шыққан ұстаз.



# Шет тілін меңгерудің маңыздылығы

*“Ұлттың тілі — сол ұлттың жаны, жан - дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?”*

Мұхтар Әуезов, жазушы

## Қадыр Мырза Әлі

«Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!» – деп әр адам бала жастан, мектеп кезінен шет тілін үйренгенін құптай отырып, өзінің туған Ана тілін қадірлеп, құрметтегені абзал екенін нақтылап, міндет етіп қойған.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс. Елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Біздің мемлекетімізде қазақ тілімен қатар ағылшын, неміс, француз, түрік басқа да тілдері мектеп бағдарламасы арқылы үйретіледі. Соған қарамастан бүгін таңда ағылшын тіліне басымдық берілуде. Ағылшын тілі (ағылш. English, English language) - Үндіеуропа тілдері жанұясының батыс герман тобына жататын тіл. Ағылшын тілі ежелгі тіл болып есептеледі. Ағылшын тілі — халықаралық тіл (де-факто - лингва франка). Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай мен испан тілінен кейінгі халық саны бойынша ана тілі ретінде ең көп пайдаланылатын тіл. Ағылшын тілі пәні арқылы елжандылыққа бағытталған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәсіл. Оқытудың инновациялық формаларын қолдану іскер және рөлдік ойындар, диспут сабақ, экскурсия, мультимедиялық сабақтар; елжандылық және басқа да тәрбие бағыттарының бірлігі. Айталық, адамгершілік, эстетикалық тәрбие мен еңбекке баулу әдістерін қолдану арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқушылардың көпшілігі ағылшын тілін оқуға үлкен қызығушылықпен кіріседі. Олар ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Бастапқы кезеңде аз сөздерді ғана айтса да, соған қуанады. Олар амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын білгісі келеді. Мұғалім осы кезде олардың тілін тыңдап, қолдап, дамытып отыруы қажет. Қарым - қатынас екі жақты болуы керек, ол тындай білуге, сұрай білуге үйретеді. Мәдениетті сөйлей білуге шет тілі арқылы қол жеткізуге болады. Оқушылар оқуға үйренеді, кітап оқи білудің тәрбиелік маңызы зор. Ағылшын тілінде оқуды үйрету оқу мәдениетін қалыптастырды. Сондай – ақ, мәнерлеп оқу да оқушының мәдениеттілігін көрсетеді. Оқу арқылы интеллектуалды еңбекті де дамытуға болады.

Балаларды оқи білуге, ақыл - ой еңбегінің тәсілдеріне үйрету керек, ол жазбаша және ауызша жаттығулар жасау үшін қажет. Оқушылар оқулықты, сөздікті және анықтамалықтарды пайдалана білуі керек, оқулық белгілерін түсіне білуі керек. Дамыту мақсаттары оқушылардың сезім, қозғалыс, ақыл - ой, ерік - жігерін дамыту арқылы жүзеге асыруға болады. Даму тек қана ойлаумен байланысты емес.

